



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 ж. 21 сәуір № 143

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

«Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2022 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 17 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2022 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 17 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2022 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті осы бұйрықты қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Ақшолақов

050377

